

**Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі"
" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 1944 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қарашада № 5183 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 507 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 16.05.2016 № 507 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының, үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы К.К. Қазбековқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рудный
қаласының әкімі*

Б. Фаязов

Рудный қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 24 қазандағы
№ 1944 қаулысымен бекітілген

**Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный
қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласында

басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Рудный қаласының әкімдігі болып табылады.

4. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Рудный қаласы, Ленин көшесі, 95.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы,
негізгі міндеттері, функциялары,
құқықтары мен міндеттері

14. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы қалалық деңгейде дене шынықтыру және спорт облысындағы мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

15. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) Рудный қаласында дене шынықтыруды және спортты дамыту;
- 2) спорттық материалдық-техникалық базаны нығайту және қалпына келтіру, инфрақұрылымды дамыту;
- 3) дене шынықтыру мен спортты насихаттау;
- 4) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау ;
- 5) дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру, дене шынықтыру және спорт саласын зерттеу үшін ғылыми базаны дамыту;
- 6) әлеуметтік және білім беру функцияларын, сондай-ақ ерікті қызмет қағидатына негізделген олардың құрылымының ерекшелігін ескере отырып, спорттың барлық түрлерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

16. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

- 1) дене шынықтыру және спорт саласындағы аналитикалық және әдістемелік жұмыс;
- 2) спорт түрлері бойынша құрама командаларды даярлауды (оқыту – жаттығу жиындары) және олардың облыстық, қалалық спорттық жарыстарға қатысуын

қамтамасыз ету;

3) Рудный қаласының аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз ету;

4) Рудный қаласының аумағында дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіру;

5) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін іске асыру;

6) Рудный қаласының аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіру;

7) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт мекемелерінің ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша қалалық құрама командалардың тізімдерін қалыптастыру және бекіту;

8) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

9) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

10) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

11) "2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдістер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдістер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілігі санаттарын беру" мемлекеттік қызметін көрсету;

12) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

13) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету;

14) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында спорттық құрылыстар салу мәселелерін үйлестіру;

15) спорттық ұйымдарға әдістемелік және консультативтік көмек көрсету;

16) аудандық және қалалық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері қызметін қамтамасыз ету.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 20.02.2015 № 262 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2016 № 275

қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

1) спорттық іс-шаралардың жеңімпаздарына және жүлдегерлеріне, спорт ұйымдары қызметкерлеріне спорттық және құрметтік атақтар беруге, медальдар, белгілер, дипломдар, жүлделер, грамоталар, ақшалай сыйлықтар, бағалы сыйлықтар беру мәселелерін белгіленген тәртіпте шешу;

2) аккредиттелген жергілікті спорт ұйымдарымен, мекемелерімен бірлесіп, спорт түрлері бойынша қалалық, облыстық маңызы бар қалалық спорттық жарыстарын өткізу;

3) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін басшылықты Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі бөлім басшысының өкілеттігі:

1) міндетті түрде орындау үшін Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын және оның құрылымдық бөлімшелеріне жататын бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді;

2) Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің өкілеттіктерін және функционалдық міндеттерін анықтайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Рудный қаласы

әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйым директорларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

4) Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне белгіленген заңнамалар тәртібімен тәртіптік жаза салады;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық органдар мен ұйымдарда Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін ұсынады;

6) өз өкілеттілігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын бұзғандығы үшін жеке жауапкершілікке тартылады;

7) жеке және заңды тұлға өкілдерін қабылдауды жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттікті жүзеге асырады.

21. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Жұмыс тәртібі Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен бекітілген Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс регламентіне сәйкес белгіленеді.

4. Мемлекеттік органның

мүлкі

23. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта

ұйымдастыру және тарату

26. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 20.02.2015 № 262 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1) Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Атлет" спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

2) Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Аят" спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

3) Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қуат" спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

4) Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мұзды Спорт Сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

5) Рудный қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Рудный қалалық № 1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі";

6) Рудный қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Рудный қалалық № 2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.